



Автор: САДУОВ КАЛИЖАН КОШКИНБАЕВИЧ

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Ауа райы және климаттық өзгерістер

Тақырып: Ауа-райына қатысты қазақ халқының танымы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.ЖЗ.Мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу
Сабақтың мақсаты:	Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Мәтін бойынша әңгіме құрастырып жазады.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар өз пікірлерін, көзқарастарын, болжамдарын тыңдалым/айтылым материалдарына сүйене отырып, сын тұрғысынан ойлау арқылы, креативті шығармашылық қабілеттерін пайдалана отырып, еркін жеткізе алады.
Күтілетін нәтиже:	Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Бағалау критерийлері:	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Құндылықтарды дарыту:	Жұптық және топтық жұмыстар орындау барысында өзіне және айналадағы адамдарға деген құрмет; Топтық жұмыстарды орындау барысындағы ынтымақтастық;
АКТ-ны қолдану дағдылары:	АКТ мүмкіншіліктерін пайдалану (Экранпроектор)
Пәнаралық байланыс:	Музыка, қазақ тілі.
Бастапқы білім:	Қар

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	Ұйымдастыру кезеңі 2 минут Топтарға бөлу. Тірек сөздер бойынша топқа бөліну. Оқушыларға сөздер қиындыларын беремін. Әріп қиындыларда бақыт,қуаныш,шаттық деген сөздер болу керек. Оқушылар сол сөздер бойынша топтарға бөлінеді. Психологиялық ахуал қалыптастыру: -Салем достым! (амандасады) -Сен қалайсың? (иықтарынан қағады) -Қайда болдың? (құлақтарынан тартады) -Мен сені сағындым! (қолдарын жүректеріне қояды) -Сен келдің! (қолдарын жаяды) -Жақсы болды!(құшақтайды)	http://bilimland.kz/kk

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (15 минут)	<p>Білу және түсіну Берілген мәтіндерді балалар оқып алады. «Стикердегі диалог» әдісі (Топ мүшелері сұрақтардың жауабын стикерлерге жазып, қабырғадағы сұрақтар жазылған қағаздарға іледі. кейін пікірлерін қорғайды.) Қолдану Ауа-райына қатысты қазақ халқының танымы Оқулықта берілген тапсырмаларды орындау Берілген мәтіндерді балалар оқып алады. Ортақ тапсырма: «Пкірлер» парағы әдісі «Батыр туса, ел ырысы» деген тақырыпта ойтолғау жазу. 1-топ: бақыт Ауа райын болжау – ауа райын алдын ала ғыл. негізде анықтау. Алдымен синоптик. процестер (ауа массалары, антициклон, атмосфер. шебі, т.б.) анықталады, соның негізінде атмосфер. құбылыстар (жауын-шашын, тұман, боран, т.б.) болжанады. Уақыт ұзақтығына байланысты Ауа райын болжау өте қысқа, қысқа (1 – 2 тәулікке), орта (3 – 10 тәулікке), ұзақ (бірнеше айға дейін) және өте ұзақ (бір жылдан астам) мерзімдік болып бөлінеді. Синоптик. және аэрол. ст-лардан келетін мәліметтердің өңделуі нәтижесінде циклондар мен антициклондардың, т.б. синоптик. нысандардың қозғалысы бақыланады. Ауа райын болжау үшін қысым және топография карталары, ғарыштық түсірімдер, т.б. мәліметтер қолданылады. Синоптик. жағдайларды болжау бірнеше кезеңнен тұрады: 1) циклондар мен антициклондардың пайда болуын, дамуын және қозғалысын болжау; 2) атмосфер. шептердің қозғалысын және өзгеруін болжау; 3) атмосферадағы ағындардың бағытын болжау. Гидрометеорология орт-нда ауа райынан басқа ауыл шаруашылығы дақылдардың өсуі, өнімділігі болжанады, сондай-ақ мал ш-на да қатысты болжаулар жасалынады. 2-топ: қуаныш Ірі масштабты атмосфералық процестердің, ең алдымен, қысым өрісінің, температураның және желдің дамуын талдау негізінде жасалған ауа райының алдағы уақыттағы жайы туралы жорамал. Қысқа мерзімдік (бірнеше сағаттан 1-2 тәулікке дейін), біршама ұзақ мерзімдік (3—10тәулік) және тым ұзақ мерзімдік (бір ай және одан да астам) депажыратады. Ауа райы болжамы арнайы (шаруашылықтың әр түрлісалалары үшін) және жалпы пайдалануға арналған деп бөлінеді. Ауа райыболжамы аумаққа (облыс, өлке, ел, теңіз айдыны және тағы да басқалары), сондай-ақ жеке елді мекендер, аэропорттар үшін және синоптикалықкарталарды талдау негізінде (синоптикалық ауа райы болжамы) жасалады 3-топ: шаттық Ұсыныс жазады. Талдау «Броундық қозғалыс» Оқушыларсыныпты шарлап, талқыланатын мәселе бойынша ақпарат жинап, басқалармен пікірлеседі. Бұл тәсілді қолданғанда оқушыларға партағаотыруға болмайтынын ескерту керек.</p>	http://bilimland.kz/kk
Сабақтың соңы (12 минут)	<p>Синтез . «Карточкадағы терминдер» әдісі. Тапсырма: Сыныпты аралап жүріп, осы терминді өзге топтардағы оқушыларға түсіндіріп береді.</p>	http://bilimland.kz/kk
Рефлексия (3 минут)	<p>Рефлексия парағы . Сабақтағы жетістіктерім. Оның себептері. Сабақтағы жетістіктерім. Оның себептері Оқушы тыңдалым материалын АКТ мүмкіндіктерін пайдаланып көреді.</p>	http://bilimland.kz/kk